

**Қазақстан Республикасының мұнай мен газ өнеркәсібі министрлігін және
Қазақстан Республикасының Энергетика мен көмір өнеркәсібі министрлігін құру
туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 13 маусым 1994 ж. N 1729.
Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Республиканың барлық аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуын
жеделдетудің маңызды шарты ретінде оның отын энергетика әлеуетін пайдалану
саласында мемлекеттік саясатты неғұрлым тиімді жүргізу мақсатында қаулы
е т е м і н :

1. Таратылып отырған Қазақстан Республикасы Энергетика және отын
ресурстары министрлігінің негізінде Қазақстан Республикасының Мұнай мен газ
өнеркәсібі министрлігі және Қазақстан Республикасының Энергетика мен көмір
өнеркәсібі министрлігі құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы Жарлықтан
туындайтын қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы. 1994 жылғы 13 маусым

N 1729